

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

## ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕКЕ БІЛІМ БАҒЫТЫН ЖОБАЛАУ

Ербаева Магрипа Бектасқызы

[Yerbayeva1100@mail.ru](mailto:Yerbayeva1100@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**Ғылыми жетекші: К.Р.Калкеева - п.ғ.д., профессор**

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында (Лиссабон Декларациясына қол қоюы, Болон үдерісіне қатысуы) мамандардың бәсекеге қабілеттілігі мен дайындау сапасын арттыру заманауи білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі. Жоғары кәсіби білім беру құрылымы мен құрамының өзгеруі, болашақ маманды даярлау деңгейлеріне қойылатын талаптардың артуы педагогикалық білім беру жүйесінде мамандарды дайындауда жаңа мазмұнды тәсілдер мен тәжірибелердің енгізілуін көздейді. Осыған байланысты білім беру саласындағы бірқатар нормативтік құжаттарда: ҚР Білім туралы Заңында, ҚР үздіксіз кәсіби педагогикалық білім беруді дамыту Тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адам капиталы, бәсекеге қабілетті кадрлардың сапасын жақсартудың және цифрлық технология жағдайында әлеуметтік педагог мамандығы студенттерінің жеке білім бағытын жобалау мен жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеп, оқытуға қол жеткізу маңыздылығы белгіленген [1].

Жоғары білім беру жүйесінде бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігінің қалыптасуына байланысты педагогикалық білім беру саласында болып жатқан өзгерістер, білім беру үш деңгейлі жүйесінің (бакалавриат/магистратура/докторантура) енгізілуі, білім берудің жекедаралануы, білім алушылардың өзіндік жұмысы үлесінің артуы, компьютерлік технологиялар рөлінің өсуі, желілік коммуникация негізіндегі кері байланыс, білім алушылардың өзіндік жұмысы мен танымдық іс-әрекетін үйлестіру, қашықтықтан (онлайн) оқыту форматына көшу (әлем елдері мен Қазақстандағы COVID-19-дың таралуынан туындаған пандемияға байланысты) білім беру жүйесі функциясының жағдайларын өзгерте отырып, әлеуметтік педагогтардың дайындығында инновациялық бағдарламаларды, тәжірибелерді қолдануды талап етеді [2].

Әлеуметтік білім беру тәжірибесінде цифрлық технология жағдайында әлеуметтік педагог мамандығы студенттерінің жеке білім бағытын жобалауды тәжірибемен ұштастыруда білім берудегі мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға, елдің адами капиталының қалыптасуына ықпал етіп, мамандардың бәсекеге қабілеттілігін, инновациялық ептілігін, белсенділігін арттырады. Соған сәйкес, жоғары білім беру жүйесінде әлеуметтік педагог мамандығы студенттерінің жеке білім бағытын жобалауға дайындау білім алушылардың өзіндік білім алудағы жеке оқу траекториясында таңдау жасаудағы жауаптылығын арттырады, жекетұлғалық, кәсіби салада өзін-өзі анықтауына, тануына, академиялық және әлеуметтік бағыттағы жеке іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік береді [3].

Білім беру контексіндегі әлеуметтік педагог мамандығы студенттерінің жеке білім бағытын жобалау – білім алушылардың ынтасы мен мүдделерін анықтауға, дамытуға, білім беру ресурстарын іздеуге және жеке дара оқу траекториясын құруға бағытталған жекедаралану іс-әрекеті болғандықтан білім беру саласындағы заманауи бағыттардың бірі болып табылады.

Цифрлық технология жағдайында әлеуметтік педагог мамандығы студенттерінің жеке білім бағытын жобалауды академиялық (мәдени-пәндік) жеке білім беру бағытында дайындау кредиттік оқыту технологиясына көшудегі маңызды басымдықтарды шешу үшін, білім алушыларды кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктеріне бейімдеуге, жеке оқу траекториясын саналы түрде қалыптастыруға, жобалауға; әлеуметтік мәселелері бар білім алушылармен (ауылдан келген тілдік барьерлары бар студенттер, білім алушылардың арасындағы мигранттар, елімізге оралған қандастар, шетелдік студенттер, денсаулығында мүмкіндігі шектелген мүгедек студенттер, отбасылық мәселелері бар студенттер және т.б.) әлеуметтік бағыттағы студенттердің жеке білім бағытын жобалауды жүзеге асыруға, өзекті әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға, білім алушылардың табысты әлеуметтенуіне, әлеуметтік білім алуына қолдау көрсетуге әсер етеді, яғни, жеке білім бағытын жобалауды және оның бағыттарын интеграциялау, цифрлық технологияларды меңгеру негізінде әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін де дамытуға мүмкіндік береді [4].

Әлеуметтік педагогика саласындағы әлеуметтік педагог кадрларды дайындау мәселелері Г.Ж.Меңлібекованың, К.Р.Калкееваның, М.Т.Баймуқанованың, Р.И.Бурганованың, Д.Ертарғынқызының, А.К.Жексембинованың, Г.К. Құрманбаеваның, С.А.Ұзақбаеваның, К.К.Шалғынбаеваның және т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарында ғылыми тұрғыдан айқындалды.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа оқыту технологияларын жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан әлеуметтік педагог қажет. Сондықтан әлеуметтік педагогтың өз қызметі аясында жұмыс істеу әдістері мен технологиясының байланысын білуі қажет. Әлеуметтік-педагогиканың технологиялары әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуге міндетті тиімді әдістері мен құралдары болып табылады. Бұл цифрлық технологияда нақты іс-әрекетінің нысанына қатысты әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің нұсқаларын негіздеу мен талдауды сипаттауда қолданылады.

Әлеуметтік-педагогикалық зерттеу технологиялары - бұл технология әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды, олардың құрамды бөліктерін тануға (әдістермен құралдарды қолдануда реттілік пен өзара байланыс) ғылыми-негізделген әдістеме. Мұндай технологиялар тек әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды ғана тану емес әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді зерттеуде қолданылады.

Жалпы сипаттағы қолданбалы технология - нақты бір ортада адам немесе топпен жұмыста болжамдалған мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін әдістер, әдістемелер, құралдардың өзара байланысын жетілдіру бойынша маманның әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінің тиімді жүйелілігін жетілдіретін және алдын-ала жобалайтын мақсатты технология. Жеке сипаттағы қолданбалы технология - нақты бір ортада адам немесе тұлғамен жұмыс бойынша жобаланған мақсаттардың жетістіктерін инструменталды қамтамасыз ететін әрекеттердің, операциялармен процедуралардың жүйелі нақты анықталған жобаның реттілігі. Бұл типтегі әлеуметтік-педагогикалық технологияда әлеуметтік педагогиканың жеке міндеттерін шешуде қолданылады. Олар жалпы түрдегі әлеуметтік-педагогикалық технологияның құрамды бөлігі болуы мүмкін [5].

Әлеуметтік-педагогикалық технология саласы бойынша әдістер мәселені шешуде өзара байланысты қамтамасыз ететін құрамды бөлік болып табылады. Қандай да бір әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды шешуде олардың міндеттерін шешуде әдістердің жіктелуін қарастыру керек. Әлеуметтік педагогика әдістері - адам немесе топтың нақты мәселелерін шешу жолы. Яғни адамның мәселесін немесе жағдаяттан шығуды шешу адамның өзінің мүмкіншілігіне байланысты. Басқаша айтқанда, мәселенің шешілуінің көзі адам өзі болып табылады. Әдістер өзінің мәселесін (проблемасын) шешуде анықталған іс-әрекет бойынша :

дамуға бағытталған, меңгеру, түзелу, қандай да бір мүмкіндіктерді жетілдіру, білім, білік, дағдыны қалпына келтіру. Нақты жағдаяттарда әдістерді қолдану қандай да бір әлеуметтік-педагогикалық әрекет етуге бағытталуы және оны қандай түрде қолдану керектігін ескеру қажет. Әдістердің орны мен рөлін негіздейтін үш деңгейлі жіктелуін көрсетуге болады:

Субъектілі деңгей яғни субъект түрінде келесідей: маман (мамандар). Олар қолданатын әдістерге сыртқы әдістер жатады (әрекет ету, өзара әрекет ету); адамның өзі (өзіндік басқарудағы топ) - бұл сыртқы әдістер (өзіндік әрекет жасау, адаммен өзіндік жұмыс); педагогикалық әрекет ететін маман. Мұнда адам немесе топтың маманмен өзара әрекетіне негізделеді.

Функционалды деңгей әдістерді таңдап алумен негізделеді. Олар негізгі (басты және жетекші) және қамтитын болып бөлінеді. Негізгі функционалды әдіс - жобаланған мақсаты жетілдіруді қамтамасыз ететін іс-әрекетті анықтайтын нысанды қамтиды (адам, топ).

Пәндік деңгей әдістерді жетілдіру әдістерімен негізделеді. Әрбір әдіс әдістердің функционалды мүмкіндіктерін жетілдіретін әрекетті көрсететін пәндік жағынан сипатталады. Оларға: әрекет етуші әдістер тобы - (практикалық әдістер), жаттығу әдістері, ойын әдістері, үйрену әдістері; іс-әрекетті ұйымдастыру әдістер тобы - басқару әдістері, іс-әрекетті басқару әдістері, жағдаятты ортаны құру әдістері; реттеу әдістерінің тобы: мадақтау әдістері, жарыс әдістері, бақылау әдістері, әрекетте белсенділікті реттеу жағдаяттын құру әдістері жатады. Жалпы жұмыс әдістері мен технологиясының арасында ұқсастық болуымен қатар ерекшеліктерін байқауға болады.

Жалпы, цифрлық білім беру ресурстары - білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың цифрлық білім беру ресурстарын белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады [6].

2011 жылы Ұлттық ақпараттандыру орталығы жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындау стандартын әзірлеген болатын. Ол жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындауға қойылатын педагогикалық, психологиялық, техникалық және дизайн-эргономикалық талаптардың жиынтығын ұсынады және электрондық басылымдарды дайындаушыларға арналған және электрондық оқыту жүйесі (e-learning) үшін әзірленетін барлық цифрлық білім ресурстары үшін қолданылады.

Осы стандарт бойынша цифрлық білім ресурстары - бұл білімдік процесс субъектілерінің интерактивтік қашықтықтан өзара әрекеттестік ретінде электрондық оқытудың ақпарат қатынастық білімдік ортасының жинағын құруды қамтамасыз ететін электрондық тасуыштардағы дидактикалық материалдар деп анықталған. Стандарттағы жалпы талаптар [7]:

- Қазақстандық білім беру мазмұнын анықтайтын мемлекеттік құжаттарға сәйкестігі;
- Оқыту процесінің заңдылықтары мен қағидаларын есепке алу;
- Пән саласы білімдеріндегі педагогика ғылымының жетістіктерін есепке алу;
- Цифрлық білім ресурстарының мазмұны ұлттық дәстүрлер ескеріліп дайындалынады.

Цифрлық білім ресурстарға қойылатын жалпы педагогикалық талаптар:

Ғылымилық қағида бойынша: оқу материалының мазмұнын баяндаудың ғылыми дұрыстығы; пайдаланылатын терминологиялардың қазіргі заманғы түсіндірмелерге сәйкестігі; оқу материалын баяндау түсінікті, нақты, толық және қайшылықсыз болуы тиіс. Түсініктілік қағидасы: оқу материалын оқушылардың нақты жас ерекшеліктеріне бейімді түрде ұсыну; оқушыларда парасаттық, адамгершілік, физикалық артық жүктемелердің болмауы. Көрнекілік қағидасы бойынша: оқу материалын қабылдауға және қайта өңдеуге сезім мүшелерін мақсатқа лайықты қатыстыру; оқу материалын барынша көрінерлік ету.

Жүйелілік қағидасы бойынша: цифрлық білім ресурстары мен оқу процесінің белгілі бір құрылымдық құрамдас бөлігіне сәйкестігі: құлшыныстық-мақсаттық; мағыналы мазмұндық; операциялық іс әрекеттік немесе бағалаушылық нәтижелік.

Саналылық қағидасы мен интерактивтік бойынша: пайдаланушылар үшін оқу міндеттерінің айқын қойылымы; оқушылар мүддесіне тірек және ілім түрткілерін қалыптастыру; оқушылардың белсенді ақыл-ой іс-әрекетін ұйымдастыру; шынайы уақыт режимінде өзара әрекеттестікті және кері байланыстарды ұйымдастыру.

Теорияның практикамен байланыс қағидасы бойынша: оқу материалының практикалық бағдарланғыштығы; цифрлық білім ресурстарының қоғам мен экономиканың қазіргі заманғы даму процесіне бағдарлануы.

Сондықтан, цифрлық білім ресурсы оқытушыны алмастыра алмайды, бірақ қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, болашақ мамандардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда олардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы. 2011 жыл.
2. Мустаева Ф.А. Основы социальной педагогики: -2-е изд., перераб. и доп. – М.: Академический проект, 2001. -12 с.
3. Караваев Н.Л. Совершенствование методологии геймификации учебного процесса в цифровой образовательной среде.-Киров:Вятский государственный университет, 2019.-105 с.
4. Илалтдинова Е.Ю., Беляева Т.К., Лебедева И.В. Цифровая педагогика: особенности эволюции термина в категориально-понятийном аппарате педагогики // Перспективы науки и образования. 2019. № 4 (40). -С.33-43.
5. Ниязова Г.Ж. Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында оқыту әдістемесінің өзгеруі//Молодой ученый. -2022. -№10 (405). -С.212-214.
6. Абилхасимова, А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану// Молодой ученый. -2020. -№ 14 (304). - С. 292-295.
7. Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білімдік ресурстарды дайындау стандарты (www.nci.kz).

ӘОЖ 373.2

## **МЕКТЕПАЛДЫ ТОП БАЛАЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МӘНІ**

**Жандарбек Қымбат Бекжанқызы**

[kymbat.zhandarbek@mail.ru](mailto:kymbat.zhandarbek@mail.ru)

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2- курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші – п.ғ.д., профессор С.Н.Жиенбаева**

Балдырғандарға адамгершілік тәрбие беру – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының маңызды міндеті. Бұл заңды да, өйткені, біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының